

Қазақ-Орыс халықаралық университетінің «Құқық» кафедрасының  
аға оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі

**Ш.Н.Жаржанованың**  
академиялық ұтқырлық бойынша  
**ЕСЕБІ**

13.01.2021 ж. қазақстандық жоғары оқу орындарының ПОҚ мен студенттерінің Республикалық академиялық ұтқырлығы шеңберіндегі ынтымақтастық туралы Шартқа сәйкес Қазақ-Орыс Халықаралық университетінің (Ақтөбе) "Құқық" кафедрасының оқытушысы: Жаржанова Ш. Н. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі М. Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтында 22.11.2021 – ден 11.12.2021-ге дейін жіберілген сабақтар кестесінің негізінде (дәрістік және практикалық) - Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы пәндері бойынша сабақтар өткізді. Сабақтар жеке силлабус негізінде өткізілді.

Топ жетекшісі ұсынған тізімге сәйкес, сабаққа 15-тен 25-ке дейін адам тұрақты қатысты. Сабақ барысында білім алушылармен бірге сабақтың мақсаттары анықталды:

Студенттердің жалпы кәсіби дайындығын күйшейту, сонымен қатар студенттерде азаматтық құқық мәселелері бойынша жүйелі және кешенді білімдерді қалыптастыру есебінен олардың мамандануын тереңдету.

Өзінің болашақ мамандығының әлеуметтік маңыздылығын жете түсіну, жеткілікті деңгейдегі кәсіби құқықтық санаға ие болу;

- кәсіби міндеттерді парасатты орындауға қабілетті болу, заңгердің әдеби қағидаттарын бұзбау;
- ойлау мәдениетін игеру, ақпаратты жинақтауға, талдауға, қабылдауға, мақсат қоя білу және оларға жету жолдарын таңдауға қабілетті болу;
- логикалық дұрыс, дәлелді және анық ауызша және жазбаша сөйлеуді құрастыруға қабілетті болу;
- жүріс-тұрыс мәдениетін игеру, әріптестерімен қауымдасуға, ұжымда жұмыс жасауға дайын болу;
- сыбайлас жемқорлық мінез-құлқына төзуге болмайтын қатынаста болу, құқық пен заңға құрметпен қарау;
- өзін-өзі дамытуға, өзінің біліктілігі мен шеберлігін көтеруге талпыну;
- әлеуметтік және кәсіби мәселелерді шешуде әлеуметтік, гуманитарлық және экономикалық ғылымдардың негізгі ережелері мен әдістерін қолдануға қабілетті болу;
- әлеуметтік маңызды мәселелер мен үрдістерді талдауға қабілетті болу;
- қазіргі ақпараттық қоғамды дамытуда ақпараттың мәні мен маңызын түсінуге, бұл үрдісте туындайтын қауіп пен қатерді түсінуге, ақпараттық қауіпсіздіктің негізгі талаптарын сақтауға, оған қоса мемлекеттік құпияларды қорғауға қабілетті болу;
- ақпаратты алудың, қайта өңдеудің, сақтаудың, құралдары мен тәсілдерін, негізгі әдістерін игеру, ақпаратты басқару құралы ретіндегі компьютермен жұмыстың дағдыларына ие болу;


Сонымен қатар, жеке тақырыптарды зерттеу барысында оқытушылар студенттермен бірге оқытылатын пәндер бойынша практикалық тәжірибелерді сәтті өткізді.

Екі оқу орнының әкімшілігі тарапынан ПОҚ академиялық ұтқырлық бойынша сабақтар жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын атап өткім келеді, бұл оқу-тәрбие процесінің өнімділігін арттырады және болашақ мамандарды даярлаудың теориялық және практикалық деңгейіне оң әсер етеді.


«Құқық» кафедрасының  
Аға оқытушысы, заң ғылымдарының  
магистрі Жаржанова Ш.Н.



« 11 » желтоқсан 2021 ж.



## Фото-есеп



### ← Публикации



aqtoobe\_police\_institut



Нравится: 63

aqtoobe\_police\_institut Қазақ-Орыс Халықаралық университеті мен Қазақстан Республикасы ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты арасындағы ынтымақтастық туралы Меморандумды іске асыру мақсатында, сондай-ақ жоғары оқу орындарының профессорлық-оқытушылық құрамы арасындағы академиялық ұтқырлық шеңберінде 2021 жылдың 3 желтоқсанында «Құқық» кафедрасының